

Бес парыздың бірі – зекет

Зекет сөзі Құран Кәрімде көбіне намазбен қосарланып келген. Ислам дінінің негізгі тіректерінің ретінде де намаздан кейін келеді. Оның адамдардың жанын тазартуда, мінез-құлықтарын жақсартуда ерекше бір әсері бар. Ол қоғамдағы түрлі дерттерге, қарым-қатынастардағы салқын қабақтылыққа қарсы таптырмас дауа. Пақырлық пен мұқтаж-дықтың тауқыметін еске түсіреді.



Алла Тағала Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) да мұсылмандардан зекет алуды бұйырып былай деген: «Олардың мал-мүліктерінен өздерін тазартып, ақтайтын садақа ал және олар үшін дұға қыл. Шынында сенің дұғаң олар үшін бір тыныштық. Алла бәрін естуші, білуші». Сондай-ақ, барлық иман келтіргендерге арналған мынадай әмір

бар: «Намаз оқындар және зекет беріндер және елшіге бойсұныңдар, бәлкім, сонда рахымға бөленерсіндер».

Алла елшісі (с.ғ.с.) зекет шығарудан мал-мүліктің кемімейтінін, керісінше, көбейіп, береке даритынын, қызғаншақтардың көздерінен, ашкөздердің арам пиғылынан қорғайтынын айтқан. Алла Тағала берген мал-

мүліктің зекетін, садақасын беру әрбір мұсылман үшін міндетті іс болып саналады.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) хадистерінде зекет бермеудің үлкен күнә екенін баса айтып, одан өзінің үмбетін қатаң сақтандырған. Зекеті берілмеген мал-мүлік қиямет күні өзінің иесін азаптап, қинайды екен. Әбу Һурайрадан (р.а.) жеткен риуаятта

Алла елшісі (с.ғ.с.) былай дейді: «Тозаққа бірінші түсетін үш адам: шектен шыққан қатыгез әмірші, малынан Алланың хағын – зекетті өтемейтін мал-мүлік иесі және мақтаншақ, кердең кедей».


Біз зекет пен садақаны шатастырмауымыз керек. Садақа – кез келген уақытта, кедей болсын, орта деңгейдегі кісі болсын, шамаңа қарай берілетін дүние. Ал, зекет мал-мүлкі немесе қаражаты (алтын, күміс, т.б.) белгілі соммаға жеткен ауқатты кісіге бір жыл толғаннан кейін сол дүниесінен есептеп беру міндетті.

Алла Тағаладан алдымен ең басты байлық – айнымас иман тілейміз. Жаратқан Ие екі дүниенің жақсылығын берсін. Мал-мүліктерінің хағын, кедейлердің несібесін – зекеттерін бермей жүрген мұсылман бауырларымызға һидаят, тауфик бергей!

Асылхан қажы ТҮСІПБЕК,
«Маңдай батыр» мешітінің бас имамы

Жаңа ғасыр ғажабындай

Нұржан Наушабаев атындағы Затобол мектеп-гимназиясында «Жұлдызды қала – Астана» тақырыбымен аудандық акция өтті.



Жас ұрпақ туған жерінің тарихын біліп, Отанын көркейткіп, қадірлей білуі керек. Акцияны ұйымдастырудағы басты ұстаным осы болатын.

Акцияға Совхоз орта мектебінің оқушылары мен ұстаздары қонаққа шақырылып, «Астананың 20 жылдық символы» осы аталған оқу ошағына тапсырылды.

11 маусымда басталған акция аудандағы барлық орта білім ордасында жалғасын тапты. Нұржан ата атындағы мектепте іс-шара концерт түрінде өткізді. Мектебіміздің әнші қыздарынан құрылған «Ай-Жұлдыз» тобы «Астана» әнін нақышына келтіре орындады. «Салтанат» үйірмесі оқушылары би билесе, «Алпамыс» тобы лагерінің оқушылары Астана туралы өлеңдер оқыды. Елорда тақырыбына арналған өлең шығарып, ән мен жырға қосты. Сондай-ақ, оқушылар Астана туралы бейнежазбадан бас шаһардың бүгінгі мен болашағы жайында мағлұмат алды.

Мектеп ішінде «Астана – сүйікті қала», «Қостанай – сүйікті қала» тақырыбымен көрме ұйымдастырылған болатын. Оған да оқушылар белсене атсалысып, бас қаладағы Ақорда, Бәйтерек, Хан шатыр, Бейбітшілік және келісім сарайы сияқты белгілі ғимараттардың сұлбасын жасап, көрмені толықтыра түсті.

Бүгінгі Астана – болашақтың қаласы, мәдениеттің ошағы, ғылым мен білімнің ордасы. Шындары көк тірегін асқақ Алатау баурайынан Ұлы даланың кіндігіне көшіріліп, ерке Есілдің жағасында бой түзеген әсем шаһар – жаңа ғасыр ғажабынан жаралған жас қала. Мектептің кең дәлізінен орын алған көрме осындай ұғымдарды паш етіп тұрғандай.

Күлпара РАХМЕТОВА

ҚМДБ «Зекет» қоры

Қостанай облысы бойынша өкілдігі

Народный банк АҚ Қостанай филиалы, БИН 010141003301;
СЧЕТ: KZ706010111000161205; БИК HSBKZKZKX; КБЕ 18

Зекеттің шарифаттағы терминдік мағынасы: «Нисап көлеміне жететін байлыққа ие болған мұсылманның байлығының белгілі бір бөлігін жылына бір рет Алла Тағаланың ризалығы үшін Құранда белгіленген адамдарға беруі».

Зекеті алынатын мал-мүлік	Өлшемі	Нисап мөлшері	Берілетін зекет пайызы	Одан берілетін зекет	Зекет (теңге)	Анықтама
Алтын	Грамм	85	2,5 %	2.125 грамм	28 891	1 грамм алтын бағасы 13,596 теңге
Күміс	Грамм	595	2,5 %	14,875 грамм	2513	1 грамм күмістің бағасы 169 теңге
Ақша	Теңге	1 155 660	2,5 %	28 891 теңге	28 891	Алтын негізге алынып есептеліп отыр (төменгі нисап мөлшері 85 грамм)
Сауда тауарлары	Теңге	1 155 660	2,5 %	28 891 теңге	28 891	Алтын негізге алынып есептеліп отыр (төменгі нисап мөлшері 85 грамм)
Қой мен ешкі	Бас	40-120		1 қой		Қойдың саны 500-ге жеткеннен кейін әрбір 100 қой үшін бір қой қосылып отырады
		121-200		2 қой		
		201-399		3 қой		
		400-500		4 қой		
Сыыр	Бас	30-39		1 бір жасар тана		Әрбір отыз сыыр үшін бір таби немесе бір таби (бір жасар тана) әр қырық сыыр үшін бір мусин немесе бір мусинна (екі жасар құнажын) зекет беріледі
		40-59		1 екі жасар құнажын		
		60-69		2 бір жасар тана		
		70-79		1 бір жасар тана және 1 екі жасар сыыр		
		80-89		2 екі жасар сыыр		
Түйе	Бас	5-9		1 қой		Олардың саны 150 жеткенде 3 түйе төленеді. Ал 174 ке дейін әр бір 5 түйеден бір қой немесе ешкі төленеді. 175-185 бастан 1 үш жасар және 1 бір жылдық бота, 186-195 бастан – 1 үш жасар және 1 екі жасар түйе, 196-200 бастан – 4 үш жасар түйе төленеді.
		10-14		2 қой		
		15-19		3 қой		
		20-24		04 қой		
		25-35		1 бір жасар бота		
		36-45		1 екі жылдық інген		
		46-60		1 үш жылдық інген		
		61-75		1 төрт жасар інген		
		76-90		2 екі жылдық інген		
		91-120		2 үш жасар інген		
Жылқы (құны)	Теңге	1 155 660	2,5 %	28 891 теңге	28 891	Алтын негізге алынып есептеліп отыр (төменгі нисап мөлшері 85 грамм)
Егіс өнімдері	Салмақ	Жоқ	5 %	100% өнімнен 5%		Жауынмен немесе өзен көлмен суарылса
			10 %	100% өнімнен 10%		Қол, шелек немесе арнайы құрылғымен суарылса
Табыс келтіретін ғимарат, зауыт, автокөлік, т.б.	Теңге	1 155 660	2,5 %	28 891 теңге	28 891	Кеткен шығындарын шегергеннен кейін таза пайдасы нисап мөлшеріне жетсе, зекет бөлінеді

«ҚМДБ Зекет қоры» КҚ ресми сайты: zeket.org.kz

«ҚМДБ Зекет қоры» КҚ-ның Қостанай облысы бойынша өкілі:

Жақсылық Ғайсин, байланыс тел.: 8 (7142)21-15-83; 8-705-799-26-88